



**Егемен Қазақстан**

## Жарқын болмысты Жолбарыс би

Жетісу жұрты биыл Жолбарыс би Жылқайдарұлының 350 жылдығын атап өтіп жатыр. XVIII ғасырдың басындағы аумалы-төкпелі кезеңде өмір сүрген Жолбарыс би туралы тарихи деректер оны Тәуке хан заманындағы ел есінде қалған ерекше тұлғалардың қатарына қосады.



Аңызға айналған абыз

Ел аузында даңқты тұлғаның дүниеге келуінен бастап, атқа мінген шағындағы ғұмыры жайында аңызға толы әңгімелер бар екен. Соның бірі былай өрбиді. Жылқайдар байдың кенже баласы туғанда ауыл аралап жүрген бір дәруіш сәбидің әкесіне келіп, «Балаң маңдайы жарқырап туған екен. Ерекше адам болайын деп тұр. Бұл балаға есім беруге асықпа, уақыты өте келе өз атын өзі табады» деген. Жолаушының сөзін құп алған әке ұлына 15 жасқа толғанға дейін азан шақырып ат қоймаған екен. Ұл он беске толғанда Жылқайдар бай балаларына енші бөліп бере бастапты. Алайда әкенің мыңғырған малынан әлі де «Әй, бала» атанып жүрген жасөспірімге қу тұяқ та тимепті. Мұның себебін сұраған ұлға әкесі: «Балам, сен дүниеге келгенде жылқымның басы болған шұбар айғырдың үйірін барымташылар айдап әкетіп еді. Сол үйірді саған атаған едім, енді ат жалын тартып мінетін жасқа жеткен кезінде сол еншінді тауып, өзіңе қайтаратын уақыт келді...» деген екен. Бұл туралы қоғам қайраткері, Алматы облысының Құрметті азаматы Наурыз Қылышбаев «Аңыз болып жеткен Абыз» атты зерттеу мақаласында егжей-тегжейлі жазады. «Шұбарды іздеп сапарға шыққан бала күндердің күнінде бір байдың ауылына келеді. Сапарының мән-жайын айтады.

– Мына бала жоқ іздеп жүр екен, біздің өрісте түрі бөтен мал бар ма? – дейді бай жылқышысына. «Ойын баласына жылқы беріп, қай сасқаның» деген жылқышыға сол сәтте «Әй, бала» жолбарысша атылып, қара дәуді алып ұрып, буындырады. Мұрнынан қанын ағызады. Сонда:

– Кінә бізден, осыдан он жыл бұрын шұбар айғыр үйірімен біздің табынға қосылған, – деген бай шұбарды өсімімен алдына салып береді.

Осы оқиғадан кейін «Әй, бала» Жолбарыс атанып кетеді. Аңыздың басы – осы. Бұл XVII ғасырдың соңғы жылдары болатын...» деп баяндайды өлкетанушы ақсақал өз жазбасында.

Тарихи деректерде Жолбарыс бидің Жоңғар шапқыншылығы кезінде Абылай ханмен үзеңгілес болып, Жетісу жерін басқыншылардан азат ету жолындағы күресі туралы молынан айтылады. Түркі дәуірінен жалғасып келе жатқан әскери тактиканы шебер қолданған батыр жоңғардың 15 мыңға жуық қолына қаша ұрыс салып, ізіне түскен 5 мың сарбазды бөліп әкетіп, Балқаштың нар қамысына қамап, жойып жіберген екен. Сондай-ақ аңызға айналған абыз Қытайға екі мәрте елші де болып барыпты.

– Алматы облысында зерттеуді қажет ететін, халық болып үлгі тұтатын тарихи тұлғалар өте көп. Солардың қатарында «Ақтабан шұбырынды – Алқакөл сұлама» кезеңінде батырлық, шешендік болмысы айшықтала түскен Жолбарыс бидің орны ерекше. Бабамен қатар оның кейінгі ұрпақтарының да түрлі тарихи кезеңдегі өмірі зерттеуге тұрарлық. Көп жайттар халық жадында сақтала бермейді. Сондықтан оны аңыз-шежірелер, деректі құжаттар негізінде жаңғыртып, қайта түлету – біздің парызымыз. Жолбарыс би – XVIII ғасырдың тұлғасы. XVIII ғасыр қазақ халқының тарихында ерекше орын алады. Жойқын жоңғар шапқыншылығына ұшыраған қазақ халқы аласұрып, бұл дағдарыстан аман шығуды ойлап, қайрат-жігер, биік

парасат танытқан ірі тұлғалар шоғыры өмірге келіп, артында терең із қалдырды. Сондықтан да қазақ тарихындағы XVIII ғасырды – ел бастаған және қорғаған ұлы билер мен батырлардың ғасыры деп айтуға толық негіз бар, – дейді тарих ғылымдарының докторы, академик Мәмбет Қойгелді.

### **Ерлік пен елдікті ұштастырған ескерткіш**

Жолбарыс би Жылқайдарұлының 350 жылдығы аясында Талдықорған қаласында еңселі ескерткіш бой көтерді. «Жолбарыс би» қоғамдық қорының қаржысына тұрғызылған ескерткіш облыс орталығының 6-ауданындағы Өнер мектебі орналасқан ашық алаңға қойылды. Құрметті қонақтар ескерткіштің лентасын қиып, жабуын түсірген соң, құттықтау тілектер айтылды. Тұғыры граниттен қашалып, қоладан құйылған ескерткіштің жалпы биіктігі 10 метрден асады екен. Тарихи туындыны Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, журналист, суретші Жанұзақ Мүсәпір, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, суретші Марат Нүсіпов және Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, мүсінші Бауыржан Жуасбаевтар жасап шықты. Авторлар бұл туындыны жасап шығуға 2 жыл уақытын арнапты.

Салтанатты шараға Қазақстан Президентінің көмекшісі Қанат Бозымбаев, «Жолбарыс би» қоғамдық қорының төрағасы Омархан Өксікбаев, мемлекет және қоғам қайраткері Амангелді Шабдарбаев және облыс әкімі Амандық Баталов қатысты.

– Елбасының шешімімен Алматы облысының орталығы болған Талдықорғанның қазір өсіп-өркендеген шағына куә болып отырмыз. Оған да биыл 20 жыл толды. Облыстағы іргелі істерге Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев зор қолдау көрсетуде. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында биыл Жамбыл бабамыздың 175, Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығын өткіздік, енді Жолбарыс бидің 350 жылдығын атап өтіп отырмыз. «Жолбарыс би» қорының азаматтары бастама көтеріп, ескерткішті дайындап, мүсіншілер, құрылысшылар белсене кірісіп, бүгін, міне, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Талдықорғанның төрінде би бабамыздың ескерткіші қойылды. Бұл – өсіп келе жатқан ұрпақтарымызға үлгі, тәрбие, – деді жиындағы сөзінде Амандық Баталов.

Ал «Жолбарыс би» қоғамдық қорының төрағасы, қоғам қайраткері Омархан Өксікбаев ескерткішті орнату үшін қорға қаржылай қолдау көрсетіп, бір мыңдай азамат атсалысқанын айтты. Және ескерткішті орнататын орнын белгілеп берген, рухани демеу болған облыс, қала басшылығына да ризашылығын жеткізді. Сол сияқты үлкен жұмыс тындырған сәулетші, мүсінші, құрылысшы мамандарға да алғысын білдірді. Сондай-ақ салтанатты рәсімде ел Президентінің көмекшісі Қанат Бозымбаев, мемлекет және қоғам қайраткері Амангелді Шабдарбаев, Мәдениет және спорт министрінің кеңесшісі Ерлан Жұрынбаев та айтулы шараның тарихты танудағы, рухани жаңғырудағы рөліне тоқталып, құттықтау тілектерін жеткізді. Сонымен бірге

әнші, сазгер Ағайша Исағұлова көпшілік үшін «Жолбарыс бабам» әнін орындады.

Мерейтойлық шара Салтанат сарайында ғылыми-практикалық конференциямен жалғасты.

Алматы облысы